



Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Ғылыми кадрларды аттестациялау департаментінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 21 сәуір N 370. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1999.03.19. N 271 қаулысымен. ~P990271

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті туралы ереже;

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы

Ғылыми кадрларды аттестациялау департаментінің құрылымы бекітілсін.

2."Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 11 шілдедегі N 1095 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 31, 286-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 21 сәуірдегі

N 370 Қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі-

Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды

аттестациялау департаменті туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті (бұдан әрі - Департамент) Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында мемлекеттік басқаруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Департамент әлемдік деңгейге қол жеткізу мақсатында ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау жүйесін реформалауды жүзеге асырады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясы мен зандарына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға (келісімдерге), өзге де нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы туралы ережеге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департаменттің аппаратын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясын ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

4. Департамент занды тұлға болып табылады, банкте шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

II. Департаменттің басымдықтары

5. Департаменттің басымдықтары:

2030 жылға дейінгі мемлекеттік стратегияны іске асыру, Қазақстан Республикасын дамытудың ғылыми және ғылыми-технологиялық басымдықтарын кадрлық қамтамасыз ету;

құрылатын жалпы ғылыми-технологиялық кеңістіктің және екіжақты келісімдердің шенберінде шет ел мемлекеттік аттестациялау органдарымен ынтымақтастық;

мемлекеттік емес ғылыми - білім беру құрылымдарының қатысуымен ғылыми кадрларды даярлаудың және аттестациялаудың бірыңғай ұлттық жүйесін құру және жетілдіру болып табылады.

III. Негізгі міндеттері

6. Департаменттің негізгі міндеттері:

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында мемлекеттік саясатты өзірлеу және іске асыру;

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы нормативтік базаны жетілдіру жөнінде ұсыныстар өзірлеу;

диссертациялық және сараптық кеңестер желілерінің қызметін ұйымдастыру, бақылау жасау және қалыптастыру;

оларға қойылатын бірыңғай талаптарға сәйкес ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру туралы аттестациялық істерді қарауды және мемлекеттің атынан түпкілікті шешім қабылдауды ұйымдастыру;

зандарда белгіленген тәртіппен ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы сараптық қызмет көрсетулерді сертификаттау;

ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы мемлекетаралық және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.

IV. Функциялары

7. Департамент өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

ғылыми кадрларды даярлаудың және аттестациялаудың басымдықты бағыттарын айқындайды;

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласында заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер мен әдістемелік құжаттардың жобасын өзірлеуге қатысады;

мұдделі мемлекеттік құрылымдармен келісім бойынша ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар берілетін мамандықтардың номенклатурасын өзірлейді;

ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар берудің тәртібі, мамандықтардың номенклатурасы туралы ережені және Департаменттің төралқасы туралы ережелерді Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының бекітуіне ұсынады;

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдарда аспирантуралар мен докторантуралар ашуды және жабуды келіседі, сондай-ақ оларға қабылдаудың жоспарларын келіседі;

жетекші ғалымдар қатарынан ғылымдардың салалары бойынша сараптық кеңестер құрады, бұл кеңестердің жеке құрамын бекітеді, олардың қызметін ұйымдастырады және бақылау жасайды;

ведомстволық бағыныстылығына қарамастан ғылыми-зерттеу және ғылыми-өндірістік ұйымдарда, жоғары оқу орындарында диссертациялық

кеңестердің желісін құрады, олар бойынша кеңестерге диссертацияларды қорғауға қабылдау құқығы берілетін ғылыми мамандықтардың тізбесін белгілейді;

диссертациялық кеңестердің қызметіне бақылау жасауды жүзеге асырады және қажет болған жағдайда олардың желісін қайта қарайды;

оларға қойылатын бірыңғай талаптарға сәйкес ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды беру туралы аттестациялық істерді қарайды;

мемлекеттік ұлгідегі дипломдар мен аттестаттарды ресімдейді және береді;

елдің ғылыми кадрлық өзіншілдегі дамыту серпінін жай-қүйіне, олардың практикалық пайдаланылуын қоса алғанда, диссертациялық зерттеулердің нәтижелілігіне талдау жүргізеді;

кандидаттық емтихандардың тізбесін белгілейді, олардың қабылдануына бақылау жасауды жүзеге асырады, кандидаттық емтихандардың ұлгілік бағдарламаларын бекітеді;

белгіленген тәртіппен ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы сараптық қызмет көрсетулерді сертификаттауды жүргізеді;

ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауға қатысады, халықаралық ұйымдармен, басқа елдердің аттестациялау органдарымен өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықты ұйымдастырады;

басқа елдердің мемлекеттік аттестациялау органдары берген ғылыми дәрежелері мен ғылыми атағы бар Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды ностирификациялауды және қайта аттестациялауды жүргізеді;

зандармен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

V. Құқықтары мен міндеттері

8. Департаменттің:

белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен ұйымдардан ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау мәселелері жөніндегі ақпарат сұратуға және алуға;

мемлекеттің атынан ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру мәселелері жөнінде түпкілікті шешім қабылдауға;

зандарда белгіленген тәртіппен ғылыми кадрларды аттестациялау саласындағы мамандықтар бойынша ғылыми қызметкерлерге сарапшылар сертификаттарын беруге;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау саласындағы қатынастарды құқықтық

реттеу мәселелері жөнінде ұсыныс енгізуге;

өз күзыретінің шегінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге және бекітуге;

белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ғылыми кадрларды аттестациялау мәселелері жөніндегі халықаралық шарттарға, келісімдерге қорытынды жасау және қосылу және мемлекеттік аттестациялау органдары құжаттарының баламдылығын тану туралы ұсыныс енгізуге;

белгіленген тәртіппен халықаралық және мемлекетаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мұдделерін білдіруге, ғылыми кадрларды даярлау және аттестациялау мәселелері жөніндегі кеңестердің, семинарлардың, конференциялардың жұмысына қатысуға құқығы бар.

9. Департамент:

Департаменттің бюросы туралы, сараптық және диссертациялық кеңестер туралы, бөлімдер және Департаменттің жұмыс істеуі үшін қажетті басқа да нормативтік-әдістемелік құжаттар туралы ережелер әзірлеуге;

диссертациялық және сараптық кеңестер мен Департамент төралқасының жұмыс істеуі үшін ұйымдастырушылық жағдайларды, материалдық-қаржы және нормативтік-құқықтық базаларды қамтамасыз етуге;

диссертациялық, сараптық кеңестер мен Департамент төралқасының қызметіне ағымдағы басшылықты қамтамасыз етуге;

бірыңғай талаптарға сәйкес ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтарды алуға түсушілердің аттестациялық істерін уақтылы және сапалы қарауды қамтамасыз етуге міндетті.

VI. Жауапкершілігі

10. Департаменттің директоры Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауапкершілікте болады.

VII. Қызметін ұйымдастыру

11. Департаментті Директор басқарады.

Директорды Ғылым министрі - Ғылым академиясы президентінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындейды және қызметтен босатады. Сараптама басқармасының бастығы - директорының орынбасарын және бас ғылыми хатшыны директордың ұсынуы бойынша Ғылым министрі - Ғылым академиясының президенті қызметке тағайындейды және қызметтен босатады.

12. Департаменттің директоры:

Ғылым министрі - Ғылым академиясының президентіне Департаменттің құрылымы мен штат саны жөнінде ұсыныс енгізеді, бекітілген сан мен еңбек ақы төлеу қорының шегінде штат кестесі мен оны ұстауға арналған шығыстардың сметасын бекітеді;

сараптама басқармасының бастығы - директордың орынбасары, бас ғылыми хатшы және құрылымдық бөлімшелер басшыларының арасында міндеттерді бөледі;

Департаменттің қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

Департаменттің қызметкерлерін көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдайды;

Департамент төралқасының жеке және сандық құрамын Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының бекітуіне ұсынады;

Департаменттің сараптық кеңестері, құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді және Департаментте әзірленетін басқа да нормативтік күжаттарды бекітеді;

өз құзыретінің шегінде, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мемлекеттік органдарда және ұйымдарда Департаментті білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

13. Департаменттің жүйесіне:

докторлық және кандидаттық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңестер;

ғылым салалары бойынша сараптық кеңестер;

Департаменттің төралқасы кіреді.

14. Бас аттестациялық орган болып табылатын және министрліктердің (мемлекеттік комитеттердің), ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орындарының ұсынымдары ескеріле отырып ғалымдардан құрылатын Департаменттің төралқасы аттестациялық істерді қарайды және ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру туралы шешім

қабылдайды, ғылыми кадрларды қайта аттестациялауды жүзеге асырады, диссертациялар қорғауға байланысты басқа да мәселелерді қарайды.

15. Департаменттің ағымдағы қызметінің мәселелерін талқылау және шешу үшін Бюро құрылады. Бюро туралы ережені, оның сандық және жеке құрамын Департаменттің директоры бекітеді.

16. Департамент қабылдайтын шешімдер Directorдың бұйрығымен

ресімделеді.

17. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату зандарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1998 жылғы 21 сәуірдегі
N 370 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі -
Ғылым академиясы Ғылыми кадрларды аттестациялау
департаментінің құрылымы

Департаменттің директоры
Директордың орынбасары - сараптама басқармасының бастығы
Бас ғылыми хатшы
Физика-математика, техникалық ғылымдар, жер және ғарыш туралы
ғылымдар жөніндегі сараптама бөлімі
Химия, биология, медицина және ауыл шаруашылығы ғылымдары
жөніндегі сараптама бөлімі
Гуманитарлық ғылымдар жөніндегі сараптама бөлімі
Аттестациялау және құжаттарды ресімдеу бөлімі